



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

15 тамыз
сенбі

№61 (2273)

2026 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Осы күні қоғамдық көлік сапасына айтылған сын-пікірлер көп екені жасырын емес. Халық санының өсуі жыл сайын қоғамдық көлікке деген сұранысты арттыруда. Жаңа оқу жылының басталуына да санаулы күндер қалды. Бұл кезеңде білім беру ұйымдарымен қатар, қаладағы қоғамдық көлік қызметіне де түсетін жүктеме артады. Әсіресе танергенгі және кешкі уақытта автобустарға деген сұраныс жоғарылайды. Осыған байланысты қалада қоғамдық көліктің жаңа оқу жылына дайындығын пысықтау мақсатында қала әкімі Нұржан Ахатов қалалық автобус паркіне барып, жолаушылар тасымалының ұйымдастырылу барысымен танысты.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ДАЙЫН БА?



Қоғамдық көлік сапасына қойылатын негізгі талаптың бірі – тазалық. Осыған орай, қала әкімі әрбір автобустың ішкі және сыртқы тазалығын күнделікті бақылауда ұстауды тапсырды. Автобустар бағытқа шығар алдында жуылып, дезинфекцияланып, салондары талапқа сай ретке келтірілуі қажет. Бұл, әсіресе, күн сайын қоғамдық көлікті пайдаланатын оқушылар мен студенттер үшін маңызды. Қала әкімі Нұржан Ахатов әрбір автобустың ішкі және сыртқы тазалығы күнделікті бақылауда болуы тиіс екенін қадап айтты.

2-БЕТТЕ

DIGITAL QAZAQSTAN: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ



Биыл – цифрландыру және ЖИ жылы. Атаулы жылда жаңа технологияны пайдалануда қандай жетістікке қол жеткізе алдық? Халық игілігін қаншалықты сезіне алды? «Digital Qazaqstan» стратегиясын жүзеге асыру қандай нәтиже беруде? Ең бастысы, біз өз деректерімізді қорғай аламыз ба?

Осы аптада өткен Үкімет отырысы дәл осы тақырыпқа арналды. Атаулы жылда Президент тапсырмаларын орындау барысы талқыланды. Айта кетелік, осы жылдың маусым айында «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясы бекітіліп, маңызды құжатта мемлекеттік қызметтерді цифрландыру негізгі бағыттың бірі болып айқындалды.

– Мемлекет басшысы ел өмірінің әр саласына, бірінші кезекте, азаматтарға және бизнеске мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде озық технологиялар мен жасанды интеллекттің жаппай енгізу міндетін қойды. Жасанды интеллект құралдарын шешім қабылдау үдерістерімен ықпалдастырып қана қоймай, олардың көмегімен мемлекеттік қызметтер көрсетудің толыққанды цифрлық экожүйесі қалыптасуға тиіс. Бұл

ретте мемлекет пен азаматтың өзара іс-қимыл моделі одан әрі де шешімдерді проактивті түрде қабылдау қағидатына негізделуі қажет, – деп атап өтті премьер-министр Олжас Бектенов.

Үкімет отырысындағы ақпараттарға сүйенсек, алдағы уақытта мемлекеттік ақпараттық жүйелер QazTech бірыңғай платформасына көшірілмек, электрондық үкімет порталы eGov 3.0 деңгейіне дейін жаңғыртылмақ, ал оның шлюзінің өткізу қабілеті 2,5 есеге артады. eGov GPT цифрлық ассистенті арқылы бүгінде 50 мемлекеттік қызмет қолжетімді, бұл сервисті 150 мыңнан астам азамат пайдаланған. eGov Business жүйесін ай сайын 35 мыңға жуық кәсіпкер қолданады. Жалпы алғанда, сұранысқа ие қызметтерді цифрландыру ХҚКО-ға түсетін өтініштер санын 30%-ға қысқартуға мүмкіндік берген.

2-БЕТТЕ

Кеше қалаға қарасты Тасбөгет кентінде «Ербатыр ата» мешітінің ашылу салтанаты өтті. Жаңа мешіттің ашылу рәсімінде облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Жолкелдіұлы құттықтау сөз сөйлеп, жиылғандарды имандылық үйінің ашылуымен құттықтады. Салтанатты іс-шараға Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы қатысты.



«ЕРБАТЫР АТА» МЕШІТІ АШЫЛДЫ



Іс-шара Қасиетті Құран аяттарын оқумен басталды. Бас мүфти өз сөзінде мешіттің қоғамдағы рухани-әлеуметтік маңызына тоқталып, имандылық үйін салуға үлес қосқан азаматтарға сауап мол екенін атап өтті.

– Бұл мешіт жастардың, жалпы жамағаттың бос уақытын пайдалы іспен өткізуге, білім алып, тәрбие көкжиегін кеңейтуге, дұрыс діни түсінікпен өмір сүруге мүмкіндік береді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: «Мешітке баруды әдетке айналдырған адамды көрсенділер, оның иманды екеніне куәлік етіндер. Хак Тағала айтады: «Ақиқатында Алла Тағаланың мешіттерін Хак Тағалаға және Ақырет күніне иман келтірген, намаз оқыған, зекет бергендер көркейтеді», – деген. Расында мешітке жиі баратын адамның иманы күшейеді», – деді бас мүфти.

2-БЕТТЕ

Гүлмира АБЫЗБЕКОВА, химия ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі Толыбек Қуанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеулер ғылыми-білім беру орталығының бас ғылыми қызметкері:

СЫР ӨҚІРІНІҢ ТАБИҒАТЫНА ТӨТЕП БЕРЕТІН ӨНІМ ЖАСАДЫҚ



Жақында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ғалымдарының жаңа ғылыми жобасы көпті елен еткізді. Ғалымдар қойдың құйрық майынан крем жасапты. Кәдімгі қойдың құйрық майы. Бала кезімізден әлі күнге дейін өмір салтымыздан ажырамаған май. Ауырсақ та, тіпті бала ауырса да емге шипа, әр қазақтың үйінен табылатын май десек артық айтқандық емес. Енді қойдың құйрық майынан жасалған кремді қолданбақпыз. Бұл – университеттің Толыбек

Қуанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеу ғылыми-білім беру орталығының қолданбалы ғылыми зерттеуі нәтижесінде жасалған алғашқы табиғи органикалық өнім. Ғалымдардың жаңалығын оқырманға жеткізуге асықтық. Осы орайда, химия ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі Т.Қуанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеулер ғылыми-білім беру орталығының бас ғылыми қызметкері Гүлмира Абызбековамен сұхбаттасудың сәті түсті.

3-БЕТТЕ

БӨЛІП ТӨЛЕУГЕ ПАЙЫЗ ҚОСЫЛУЫ ЗАҢДЫ МА?



«Кешіріңіз, егер Kaspi Red-пен төлесіз, тауар бағасына тағы 10-15% қосылады». Күнделікті сауда жасау барысында бұл сөзді бір рет естімеген қазақстандық кемде-кем шығар. Тұтынушы ретінде сіз тауардың баға жапсырмасында жазылған құнды көріп, қасасаға жақындайсыз. Бірақ бөліп төлеу картасын шығарған сәтте баға көз алдыңызда өсіп шыға келеді.

Мұндай жағдай тұтынушының қалтасын қағатыны жасырын емес. Тауардың төлем әдісіне байланысты бағасын жасырын өзгертуге жол берілмейді. Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңының 24-бабына сәйкес, сатушы тауардың бағасын теңгемен көрсетуге және оны көрсетілген күн бойынша сатуға

міндетті. Ал «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» заңның 40-бабы 3-тармағында тауарды төлем тәсіліне қарамастан бір бағамен сату қажеттігі көрсетілген. Яғни сатып алушы тауар ақысын қолма-қол ақшамен, банк картасымен, QR-төлем арқылы немесе бөліп төлеу құралының көмегімен төлесе де, сатушы бағаны негізсіз өсірмеуге тиіс.

3-БЕТТЕ



ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ӘДЕБІН САҚТА


Әлеуметтік желі – адамдардың бір-бірімен байланыс орнататын, ақпарат алмасатын алаңы. Бірақ кейінгі уақытта осы кеңістікте әдепсіздік көбейіп барады. Кейбіреулер әлеуметтік желіде ашық пікірлерін білдіріп, эмоцияларын көрсетіп, өзгерлерге зиян келтіреді. Кей адамдар басқаларды сынап, қорлап, олардың жеке өміріне қатысты ақпарат таратуда.

«Атың шықпаса, жер өрте» дегенді қазіргілер әлеуметтік желіге контент салуға алмастырғандай. Мәселен, осыдан 3 жыл бұрын «TikTok»-та танымал болуы үшін көпірден секірген тұрғын туралы ақпарат тараған болатын. Бір жігіт видеоға түсіріп, екінші жігіт суға секіргені анықталған еді. Мұндай қауіпсіз видеолар қаптап кеткені де анық. Дәл қазіргі уақытта «TikTok» стриміне шығып, адамдар бір-бірін балағаттап жатқаны көбеюде. Тұрасын айтқанда әлеуметтік желі әдепсіздік пен мәдениетсіздіктің алаңына айналды. Экранның ар жағында отырып, ешқашан көрмеген, танымайтын адамды қорлап, оның ар-намысына тиіп тілдейтіндер көбейді. Енді әлеуметтік желіде өркім өз білгенін істей алмайды. Себебі заң күшейді.

4-БЕТТЕ

DIGITAL QAZAQSTAN:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ



«Ақпарат»

Әлеуметтік салада зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындаудан бастап жұмысқа орналасуға және әлеуметтік қолдауға дейінгі негізгі бағыттар цифрлық сервистермен қамтылған. Бірыңғай цифрлық платформада 49 мемлекеттік қызмет электрондық форматта көрсетіледі, тағы 28-і проактивті форматта. Жасанды интеллект АӘК тағайындау кезінде тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларды бағалау үшін де қолданылады, мәселен, осы уақытқа дейін 99 мың жағдай қамтылды, ал мүгедектік белгілеу кезінде – 151 мың, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді автоматты түрде көрсету кезінде – 12 мың.

Әділет саласында атқарушылық жазбаны цифрландыру негізгі рәсімдерді eGov Mobile арқылы онлайн форматқа көшіруге мүмкіндік берген. Бүгінде 2,5 млн-нан астам атқарушылық жазба жасалып, олардың шамамен 700 мыңына онлайн режимде қарсылық берілген. Жыл соңына дейін нотариаттық әрекеттерді цифрлық тіркеуді көздейтін e-Notary 2.0 жүйесін іске қосу жоспарлануда. Бизнесті қолдау желісі бойынша қолданыстағы 150 шараның 63-і цифрлық форматқа ауыстырылған.

Тұрғын үймен қамтамасыз ету саласында Blockchain көмегімен 254 мыңнан астам операция жүргізілді, бұл қызмет көрсету мерзімін 10-15 минутқа дейін қысқартуға және қызметтерді ХҚКО-ларға бармай-ақ алуға мүмкіндік берді. Aitu отандық цифрлық платформасының дамуы қаралды. Бүгінде ол 6,8 млн пайдаланушыны біріктіреді, ай сайынғы аудитория 1 млн адамнан асады. Платформада білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларындағы сервистерге және басқа да қызметтерге қолжетімділік кеңейтілуде.

– Бүгінде азаматтар үшін цифрлық қызметтер санын көбейтіп қана қою жеткіліксіз. Олар қажетті нәтижені жылдам әрі еш кедергісіз алғысы келеді. Жасанды интеллект министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, биыл бірден көрсетілетін форматқа көшіруге болатын қызметтердің тізбесін айқындауды тапсырамын. Бұл ретте көпбалалы аналарға жәрдемақы тағайындау немесе сотталығының бар-жоғы туралы анықтама беру сияқты қызметтерді үлгі етіп алуға болады, – деп атап өтті Премьер-министр.

Адам жұмыс іздемейді, жұмыс адамды табады

Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласы жана технологияны жүйелі түрде енгізіп келеді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаевтың мәлімдеуінше, биылғы тамыздан бастап жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қолдаудың біржолғы шаралары жасанды интеллектінің көмегімен тағайындалмақ. Жүйе алушыларды алдын ала анықтайды және тағайындау жобасын қалыптастырады. Төлемді жүзеге асыру туралы түпкілікті шешімді жергілікті атқарушы орган қабылдайды. Қыркүйек айында eGovMobile арқылы өтініш беруді қамтамасыз ету жоспарлануда. Қазан айында мемлекеттік қолдау шараларын атаулылығы мен мұқтаждық деңгейін ескере отырып, нысаналы түрде тағайындау үшін жасанды интеллекттің енгізу жоспарланып отыр.

Министрлік жұмыспен қамту саласында Цифрлық жұмыспен қамту қызметін енгізіп жатыр. Мақсаты – жұмыспен қамтуға проактивті қамтамасыз етуге көшу. Жана модельдің негізгі қағидаты: жұмысты адам іздемейді, жұмыс адамды өзі табады.

Басы 1-бетте

Бұған дейін азамат порталдан бос жұмыс орындарын өз бетінше іздеп, мансап орталығына баратын. Енді жүйе жұмыс берушілердің өтінімдері негізінде жұмысқа мұқтаж азаматтарды автоматты түрде анықтайды. Содан кейін оларға eGov және Enebek.kz мобильді қосымшалары арқылы немесе 1414 нөмірінен СМС түрінде тиісті хабарламалар жібереді. Жасанды интеллект азаматтың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, өңір ішінде де, одан тыс жерде де, шетелдегі бос жұмыс орындарын қоса алғанда, жұмыс орындарын іріктейді. Сонымен қатар азаматтарға оқыту курсынан өту және қайта даярлау, қоныс аудару мүмкіндіктерін ұсынады. Нәтижесінде тұрақты жұмысқа орналасқанға дейін сүйемелдейді. Мұнан бөлек, бүгінгі күні жасанды интеллект атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау кезінде де қолданылады. Жасанды интеллект өтініш берушінің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларының фото және бейнематериалдарын талдайды. Атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаж немесе мұқтаж емес екендігі туралы ұсынымдар әзірлейді. Бұл өңірлік учаскелік комиссиялардың жұмысын едәуір жеңілдетеді. Сонымен қатар мүгедектік тобын белгілеу кезінде жасанды интеллект медициналық деректерді талдайды. Мүгедектік тобын айқындау кезінде медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз қатысушысы ретінде шешім жобасын қалыптастырады. Бұл объективтілікті қамтамасыз етуге, мүгедектік тобын белгілеудің бірыңғай тәсілін қалыптастыруға және адам факторының ықпалын азайтуға мүмкіндік береді.

QazTech платформасының игілігі

Премьер министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев бүгінде елімізде барлық мемлекеттік органдар QazTech платформасымен жұмыс істеп жатқанын мәлімдеді. Атап айтқандай, бүгінгі күнге дейін әр мемлекеттік орган өз жүйесінің дербес әзірлеп, әртүрлі технологияларды және деректерді қорғаудың түрлі тәсілдерін қолданды. Дайын шешімдердің қайталануы орын алған.

– Жұмыс жылдарға созылып, нәтиже күткен деңгейде бола бермейтін. 1 сәуірден бастап біз цифрлық өнімдерді әзірлеуге арналған бірыңғай орта – QazTech платформасын іске қостық. Нәтиже қазірдің өзінде айқын. Инфрақұрылым жұмысы 24/7 тұрақты бақылауда. Security by Design заманауи қағидаты киберқауіпсіздік талаптарын жобалау кезінен бастап енгізуге мүмкіндік береді. Ал DevSecOps құралдары қорғалу деңгейін әзірлеу, тестілеу және пайдалану кезеңдерінде автоматты тексереді. Вайб-кодингті де енгізіп жатырмыз. Жасанды интеллект әзірлеушілерге бағдарламалық кодты жылдам әрі қателерді азайта отырып жазуға көмектеседі. Осының барлығы бұрынғы модельден бас тартуға мүмкіндік береді. Бұрын жүйені әзірлеуге жылдар кетсе, одан кейін қауіпсіздікті тексеруге де көп уақыт жұмсалатын. Енді жана сервистер бірнеше айлар ітпті апталар ішінде әзірленіп, іске қосылуы мүмкін, – деп атап өтті вице-премьер.

Мемлекет басшысы QazTech-тен тыс жана жүйелер құруға мораторий енгізу бойынша жарлыққа қол қойды. Талаптың сақталуын цифрландыруға арналған бюджеттік өтінімдерді сараптау кезінде тексеріледі. Вице-премьердің мәліметінше, QazTech платформасына көшкеннен кейін цифрлық сервистер жұмысында іркіліс

тіркелмеген. Бұған нақты мысал – жыл сайын халық үшін ашылатын бірінші сыныпқа қабылдау қызметі. Бұрынғы инфрақұрылым жүктемені көтере алмай, іске қосылған алғашқы күні-ақ істен шығатын. Мұндай жағдай төрт жыл қатарынан қоғамда теріс резонанс туғызды. Биыл Оқу-ағарту министрлігі және Қазақтелекоммен бірлесіп, қызмет QazTech платформасында қайта жинақталды. Екінші ай қатарынан бірде-бір ақаусыз жұмыс істеп, 365 мыңнан астам өтінім сәтті өңделген.

ЦОН-ға баратындар азайды

Мемлекеттік қызметті онлайн алудың нәтижесінде қазір халық мекеме жағаламайды, тіпті ЦОН-ға баратындар да азайған.

– Бұрын мемлекеттік қызметтердің басты ордасы болған Халыққа қызмет көрсету орталықтарына тоқтайлайын. Ең сұранысқа ие қызметтер онлайн форматқа көшіріліп, халықтың ЦОН-дарға баруға деген қажеттілігі азаюда. Сонғы жылдары ЦОН-дарға барған азаматтар саны 30%-ға азайған. Көлікті алғаш тіркеу, жер учаскелеріне акт беру, жылжымайтын мүлікке кадастрлық паспорт беру сияқты қызметтер алғаш рет онлайн қолжетімді болды. Электронды цифрлық қолтаңба беру мен тұрғылықты жері бойынша тіркеу де ел бойынша толықтай онлайн жүзеге асырылуда. Азамат ЦОН-ға барса да, оператордың көмегіне жүгінуі күннен-күнге азайып барады. Қызметті өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында дербес алуға. Сондықтан біз Халыққа қызмет көрсету орталықтарының тұжырымдамасын түбегейлі қайта қаралдық. Енді олар кезексіз, ашық әрі жайлы кеңістікке трансформациялануда. Жана AI қызмет көрсету офісі 70/20/10 қағидаты бойынша үш аймақтан тұрады. Жалпы аумақтың 70 пайызын негізгі бөлігін экспресс-аймақ алады. Онда қызметтерді eGov GPT цифрлық көмекшісі орнатылған өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы дербес алуға болады. Сонымен қатар офисте консультант көмек көрсететін сараптамалық және оқыту аймақтары да бар, – деді вице-премьер.

Бүгінде жаңа технологияны мемлекеттік қызметке енгізумен қатар, оның сапасы жана деңгейге көтерілді. Сондай-ақ жеке деректерді қорғау мәселесі де мемлекет назарында.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ



Рейске шығар алдында көліктерді жуу, дезинфекциялау және салондарды ретке келтіру жұмыстарын жүйелі түрде жүр-

саңындағы тасымалды күшейту мәселелері қаралды.

Сонымен қатар қозғалыс кестесінің сақталуы тұрақты бақы-

қысқартылады. Бұл оқушылар мен студенттердің сабаққа уақытылы жетуіне мүмкіндік беріп, таңғы және кешкі уақыттардағы жолаушылар легін тиімді ұйымдас-тыруға бағытталған.

Қала әкімі жауапты сала басшыларына қоғамдық көлік қызметінің сапасын бақылауды күшейтіп, автобустардың кешігуіне және салондардың талапқа сай болмауына жол бермеуді тапсырды.

– Біздің басты міндетіміз – балаларымыздың мектепке қауіпсіз барып-келуін қамтамасыз ету. Автобустардың кешігуіне немесе салондардың тазалығына жол берілмеуі тиіс, – деді Нұржан Ахатов.

Қазіргі таңда «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-не қарасты үлкен сыйымдылықтағы автобустар қалалық бағыттар бойынша жолаушыларға қызмет көрсетуде. Қолданыстағы бағыттардағы қозғалыс интервалы орта есеппен 12-15 минутты құрайды. Автобустардың техникалық жағ-

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ДАЙЫН БА?

гізуді тапсырды. Жұмыс сапары барысында автобустардың техникалық және санитарлық жағдайы, қозғалыс интервалы, сондай-ақ жаңа оқу жылы қар-

лауда болады. Әсіресе мектептер мен оқу орындары орналасқан аумақтардағы жолаушылар ағыны назарға алынып, автобустардың қозғалыс интервалы барынша

дайы күн сайын тексеріліп, ақауы анықталған көліктер рейске жіберілмейді. Оның орнына резервтік автобус шығарылады. Қалаішілік жолаушылар тасымалын қамтамасыз ету үшін күн сайын 260 автобус жолға шығады. Ал жаңа оқу жылының басталуымен қоғамдық көлікке түсетін жүктеме едәуір артады. Осыны ескере отырып, 25 тамыздан бастап қалаішілік автобус бағыттары күшейтілген режимде жұмыс істейді. Қала әкімі Нұржан Ахатов оқушылар мен студенттердің сабаққа кешікпей жетуі үшін көліктердің аралық интервалын барынша қысқартуды және қозғалыс кестесін қатаң сақтауды тапсырды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Басы 1-бетте



«ЕРБАТЫР АТА» МЕШІТІ АШЫЛДЫ

Салтанатты шараға қатысқан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Әбішұлы және Қазақстанның Еңбек Ері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Абзал Жұмашұлы қала тұрғындарын Тасбөгет кентінің орталығынан бой көтеріп, мұсылман қауым үшін есігін айқара ашқан мешіттің ашылуымен құттықтады. Жана мешіттің бас имамы болып Қайырхан Қабылғазиев тағайындалды.

Айта кетейік, екі қабатты мешіттің жалпы аумағы 946,72 шаршы метр. Құлшылық үйі бір мезетте 700 адамға дейін қабылдай алады. Мешіт

құрылысы 2022 жылы кәсіпкер Абзал Ералиевтің демеушілігімен басталған.

Жана мешітте ерлер мен әйелдерге арналған бөлек намаз залдары, имам кабинеті, құран оқыту және неке киноға арналған арнайы бөлме, екі дәрісхана бар.

Бүгінде аймақта 195 мешіт халыққа қызмет көрсетеді. Оның 24-і облыс орталығында орналасқан. «Ербатыр ата» мешіті Қызылорда қаласындағы 25-ші құлшылық үйі. 30 мыңға жуық халқы бар тасбөгеттіктер үшін ғибадат үйінің орны ерекше.

Гаяһар АСҚАРҚЫЗЫ

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Басы 1-бетте



Гүлмира АБЫЗБЕКОВА, химия ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі Толыбек Қуанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеулер ғылыми-білім беру орталығының бас ғылыми қызметкері:

СЫР ӨҢІРІНІҢ ТАБИҒАТЫНА ТӨТЕП БЕРЕТІН ӨНІМ ЖАСАДЫҚ

– Гүлмира Мыңбайқызы, қойдың құйрық майынан ылғалдандырғыш крем жасау идеясы қалай туды, зерттеуге қанша уақыт кетті?

– Бұл – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі Т.Қуанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеулер ғылыми-білім беру орталығының аға ғылыми қызметкерлері – химия ғылымдарының кандидаты Гүлжан Балықбаева мен биология ғылымдарының кандидаты Райхан Жандаулетованың жетекшілігімен жүзеге асқан зерттеу жұмыстарының нәтижесі. Бұл идеяның тууына екі негізгі фактор әсер етті. Біріншісі – өңіріміздің қатал климаттық ерекшелігі. Сыр өңірінде қыс аязды әрі желді,

Бұл идеяның тууына екі негізгі фактор әсер етті. Біріншісі – өңіріміздің қатал климаттық ерекшелігі. Сыр өңірінде қыс аязды әрі желді, жаз ыстық әрі құрғақ. Мұндай ауа райы теріні қатты құрғатып, жарылу мен тітіркенуге әкеледі. Екіншісі, біздің ғылыми-білім беру орталығымыздың зерттеу бағыттарының бірі – қазақ халқының этнохимиялық тәжірибелерін білім беру процесіне интеграциялау және этнохимиялық өнімдер жасау. Біз қазақ халқының этнохимиялық тәжірибесін, яғни ата-бабамыздың тұрмыста қолданған табиғи шикізаттарды өңдеу, сақтау және пайдалану тәсілдерін ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеумен айналысамыз. Халқымыз ежелден қойдың құйрық майын тері күтімінде, үсікке, жарыққа қарсы кенінен қолданған. Бірақ бұл білім ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткенімен, ғылыми негіздемесі жасалмаған еді.

жаз ыстық әрі құрғақ. Мұндай ауа райы теріні қатты құрғатып, жарылу мен тітіркенуге әкеледі. Екіншісі, біздің ғылыми-білім беру орталығымыздың зерттеу бағыттарының бірі – қазақ халқының этнохимиялық тәжірибелерін білім беру процесіне интеграциялау және этнохимиялық өнімдер жасау. Біз қазақ халқының этнохимиялық тәжірибесін, яғни ата-бабамыздың тұрмыста қолданған табиғи шикізаттарды өңдеу, сақтау және пайдалану тәсілдерін ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеумен айналысамыз. Халқымыз ежелден қойдың құйрық майын тері күтімінде, үсікке, жарыққа қарсы кенінен қолданған. Бірақ бұл білім ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткенімен, ғылыми негіздемесі жасалмаған еді.

Басы 1-бетте

Осы екі бағыттың тоғысқан тұсы – біздің жобамыз. Яғни, біз бір жағынан өңір тұрғындарының мәселесін шешуді, екінші жағынан қазақ халқының этнохимиялық тәжірибесін заманауи ғылыми деңгейде дәлелдеп, білім беру процесіне енгізуді және нақты өнімге айналдыруды мақсат еттік. Бұл крем сол үлкен ғылыми-зерттеу бағыттың алғашқы тәжірибелік нәтижесі деуге болады.

Зерттеу жұмыстарына шамамен 2-3 жыл уақыт кетті. Бұл уақыт ішінде біз шикізатты өңдеуден бастап, оның биологиялық белсенділігін дәлелдеуге, онтайлы құрам табуға және өнімді қауіпсіздік сынағынан өткізуге дейінгі барлық кезеңді жүргіздік.

– Біз крем таңдағанда өңірдің климатына сай келетін, ылғалдандырғыш кремге назар аударатынымыз белгілі. Бұл кремнің ерекшелігі неде?

– Дәл солай, климатқа бейімделу – ең басты ерекшелік. Біз шетелдік жеңіл лосьондар емес, Сыр өңірінің ауа райына төтеп беретін өнім жасадық. Бұл кремнің басты айырмашылығы – ылғалдандырып ғана қоймай, тері бетінде жұқа, бірақ «тыныс алатын» қорғаныш қабатын құрайды. Яғни, терідегі ылғалды сыртқа шығармай, ішінде бекітеді. Аязды жел мен құрғақ

– Қойдың құйрық майы тез тонданып қалатыны белгілі...

– Өте орынды сұрақ. Иә, таза қой майы бөлме температурасында қатып қалады, оны күнделікті қолдануға ыңғайсыз. Біз бұл мәселені шешу үшін құрамына жүзім тұқымының және аз мөлшерде эфир майын қостық. Жүзім майы – өте жеңіл, сұйық. Ол қой майының балку температурасын төмендетіп, кремнің бөлме температурасында жұмсақ әрі жағуға оңай болуына әсер етеді. Нәтижесінде кремді тоназытқышта сақтамай-ақ, кез келген уақытта пайдалануға болады.

– Өнімнің пайдасы мен қауіпсіздігі туралы айтсаңыз...

– Біз үшін қауіпсіздік – ең бірінші талап. Өнімнің қауіпсіздігі Алматы қаласындағы «Текс» ЖШС сынақ орталығының аккредиттелген зертханасында арнайы сараптамадан өтті (№009ПК/170323/1 хаттамасы). Зерттеу нәтижесінде:

– Мышьяқ, сынап, қорғасын сияқты улы заттар табылмады;
– Микроорганизмдер мен бактериялар анықталған жоқ;
– Теріні тітіркендірмейді, аллергия тудырмайды, рН көрсеткіші (6,1) терінің табиғи қалпына толық сәйкес келеді.

– Ғылыми жобаға патент алдыңыз. Әрі қарай қандай жұмыс күтіп тұр?

– Патент – бұл біздің зияткерлік еңбегіміздің қорғалғанын білдіреді, бірақ бұл соңғы нүкте емес. Қазір біз осы өнімнің құрамын жетілдіру, өнімді коммерцияландыру кезеңіне дайындық үстіндеміз. Алдағы уақытта шағын тәжірибелік партияны шығару, өндірістік серіктес табу, қажетті

Ғылыми жаңалықтың өндіріске енбей қалуының басты себебі – ғылым мен бизнес арасындағы байланыстың жоқтығы. Ғалым зерттеу жасайды, бірақ оны нарыққа шығару – бөлек бір жауапты кезең. Соңына дейін жеткізу үшін, біріншіден, ғалымның өзі кәсіпкерлік саласын үйренуі қажет немесе қасында бизнесті түсінетін серіктес болуы керек. Екіншіден, мемлекет тарапынан инновациялық жобаларды қолдайтын нақты қаржылық тетіктер, яғни гранттар мен жеңілдетілген несиелер көбірек болуы қажет.

сертификаттарды алу және маркетингтік стратегия әзірлеу жоспары бар. Ең бастысы, зертханадағы формуланы үлкен көлемде тұрақты қайталай алатын технологиялық регламентті бекіту. Бұл – үлкен жауапкершілік әрі уақыт қажет ететін кезең.

– Бір өкініштісі, кейде ғылыми жаңалықтар жоба күйінде өндіріске енбей, қалып қойып жатады. Соңына дейін жеткізу үшін не істеу керек?

– Бұл – өте өзекті мәселе. Ғылыми жаңалықтың өндіріске енбей қалуының басты себебі – ғылым мен бизнес арасындағы байланыстың жоқтығы. Ғалым зерттеу жасайды, бірақ оны нарыққа шығару – бөлек бір жауапты кезең. Соңына дейін жеткізу үшін, біріншіден, ғалымның өзі кәсіпкерлік саласын үйренуі қажет немесе қасында бизнесті түсінетін серіктес болуы керек. Екіншіден, мемлекет тарапынан инновациялық жобаларды қолдайтын нақты қаржылық тетіктер, яғни гранттар мен жеңілдетілген несиелер көбірек болуы қажет. Үшіншіден, ғылыми нәтижені тәжірибелік өндірісте сынап көруге мүмкіндік беретін шағын инновациялық алаңдар керек. Біздің жоба да осындай қолдауды қажет етіп отыр. Егер осы үш буын дұрыс жұмыс істесе, ғылыми жаңалықтар қағаз жүзінде қалмай, халыққа қызмет ететініне сенеміз.

– Сұхбатыңызға рахмет.


Сұхбаттасқан Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Мәселен, баға белгісінде тауар құны 100 мың теңге деп көрсетілсе, тұтынушы кассада дәл осы соманы төлеуі керек. Дегенмен бұл мәселенің бір ерекшелігі бар. Егер бөліп төлеуді сатушы өз қаражаты есебінен ұсынса, ол бір реттік төлем мен бөліп төлеу бағасын бөлек көрсетуі мүмкін. Бұл жағдайда екі баға да сатып алушыға алдын ала және анық хабарлануға тиіс. Тұтынушы шарттармен танысып, өз еркімен келіскен жағдайда ғана сатып алады. Ал Kaspi Red+ бойынша талап өзгеше. Kaspi-дің ресми түсіндірмесінде: «Kaspi Red+ арқылы комиссиясыз, пайызсыз және артық төлемсіз 0% бөліп төлеумен сатып ала аласыз. Сондай-ақ тауардың бағасы төлем әдісіне қарамастан бірдей болуы тиіс. Kaspi Red+, Kaspi Credit арқылы төлеген кезде және акция уақытында бағаны өсіру – Kaspi.kz-пен серіктестік ережелерін бұзу», – деп көрсетілген. Демек, дүкен иесі Kaspi Red+ немесе Kaspi Credit арқылы төлем қабылдағаны үшін тауардың бағасын көтермеуге тиіс. Сауда санатына және жасалған келісімшартқа байланысты Kaspi серіктесінен алынатын комиссия тауар құнының 3-15 пайызына дейін жетуі мүмкін. Алайда бұл комиссияны тұтынушыдан жасырын түрде қосымша ақы ретінде өндіріп алуға немесе Kaspi арқылы төлегені үшін тауар бағасын қымбаттатуға болмайды. Аты-жөнін жасыруды өтінген дүкен иесі де тұтынушы бөліп төлегені үшін кететін шығынды өз қалтасынан жабуға мәжбүр екенін айтты.

– Біз – ірі супермаркет емеспіз, маржамыз өте аз. Тауардың үстіне қосатын таза пайдамыз 15-20%-дан аспайды. Ал банк Kaspi Red немесе 0-0-12 бөліп төлеу акциялары кезінде бізден 8%-дан 15%-ға дейін комиссия ұстап қалады. Ойлап қараңызшы, мен тапқан пайданың тең жартысын банкке беруім керек пе? Егер мен үстіне пайыз қоспасам, бизнесім шығынға батады. Иә, келісімшарт бойынша пайыз қосуға болмайтынын білеміз, бірақ банктердің комиссиясы тым жоғары. Біз не бөліп төлеуден бас тартуымыз керек, не шығынды амалдап сатып алушыға жүктеуіміз керек. Мәселен, сіз 100 000 теңгенің тауарын Red-пен алсаңыз, егер комиссия 8% болса банк дүкеннің



БӨЛІП ТӨЛЕУГЕ ПАЙЫЗ ҚОСЫЛУЫ ЗАҢДЫ МА?



есепшотына 92000 теңге ғана аударуы мүмкін, – дейді кәсіпкер.

Қоғамда «бөліп төлеу жүйесі тауарды қолжетімді етіп, сұранысты арттырады, соның салдарынан инфляцияны шарықтатып жібереді» деген пікір жоқ емес. Алайда экономист Айбар Олжай бұл пікірді жоққа шығарады. Оның айтуынша, бөліп төлеу жүйесі мен инфляция арасындағы байланыс дәлелденбеген.

– Арнайы зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, елдегі жалпы сауда айналымындағы тауарды бөліп төлеудің жылдық үлесі соншалықты жоғары емес. Сауданың жалпы көлемімен салыстырғанда бұл көрсеткіш төмен болғандықтан, бұл қаржылық құралды инфляцияның өсуіне жауапты басты фактор немесе негізгі қозғаушы күш ретінде қарастыру негізсіз, – дейді экономист.

Дегенмен, маман нарықта әлі де шешілмеген түйткілдің бар екенін жасырмайды. Бөліп төлеу жүйесіндегі «жасырын комиссия» немесе жасырын пайыздарға қатысты мәселе әлі де ашық күйінде қалып отыр. Сарапшының пікірінше, дәл қазір бұл нарықтағы ойын ережелері толық нақтыланып, реттелмеген.

Кәсіпкер бөліп төлеу үшін пайыз қосса, не істеу керек?

Сатушы «пайыз қосылады» деген сәтте, баға жапсырмасын суретке түсіріп алыңыз. Сатушының сөзін аудиого немесе видеоға жазып алу да дәлел болады.

Картадағы банктің қолдау қызметіне хабарласыңыз. Дүкеннің нақты атауын, мекенжайын және жинаған дәлелдеріңізді жолдаңыз.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне e-Otinish порталы арқылы ресми арыз жолдаңыз. Заң бұзған сауда нүктелеріне Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі аясында айыппұл қарастырылған. Қаржылық мәдениет пен құқықтық сауаттылық – сапалы қоғамның негізі.

Думан КЕҢШІЛІК

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Басы 1-бетте

Отбасы – мемлекетіміздің іргетасы. Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қанат жайып, түлеп ұшатын алтын ұясы. Адам бойындағы мейірімділік пен адалдық, адамгершілік пен тектілік отбасындағы тәрбиеден бастау алады. Отбасы жеке құндылықты қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, әр үйде адам санасына ұлттық құндылыққа деген көзқарасты, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, даналықсөзді, тәрбиенің жоғарғы үлгісін сіңіретін де отбасы. Отбасы құндылықтарын жаңғыртуға, үлгілі отбасы иелерінің өнегелі өмірін насихаттауға, шығармашылығын шыңдауға бағытталған «Мерейлі отбасы» байқауы биыл да өз жалғасын тапты.



МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – ҰЛАҒАТ ҰЯСЫ

Отбасы институтын нығайту, ұлттық құндылықтарды ұлықтау мақсатында ұйымдастырылатын дәстүрлі «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының қорытындысымен Қызылөзек ауылдық округінің тұрғындары Бодановтар отбасы Іорын иемденіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Бодановтар отбасы ұлттық құндылығымызды сақтап, дәстүрімізді дәріптеп, ата-ананы сыйлаудың озық үлгісін көрсетіп келе жатқан берекелі шаңырақ. Қасиетті қарашаның рақтың отағасы Қалыбай Боданов 1947 жылы Қараөзек ауылында дүниеге келген. 1969 жылдан туған ауылында ұзақ жылдар механизатор болып, адал еңбектің жемісін көріп, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеген абыройлы жан. Ел арасында шешендігімен, даналығымен және батағойлығымен құрметке бөленген. Зейнетке шықса да зеректік қасиетімен ерекшеленіп, облыстық, қалалық, аудандық бата беру сайыстарында жеңіс тұғырынан көрініп, ел ықыласына бөленген қария.

Берекелі шаңырақтың отанасы Патыма Сансызбаева 1954 жылы Асқар Тоқмағанбетов ауылында өмірге келген. Еңбекке ерте араласып, 1970 жылы Қараөзек ауылдық ауруханасында аспаз, тазалықшы болып еңбек еткен. Өз ісіне ұқыпты, айналасына мейірім шұағын төгіп жүретін отанасының он сауағасын өнері тамған хас шебер екенін ауылдастары жиі айтады. Қыз жасауын әзірлеп, сырмақ сырып, көрпе тігіп, бесік жабдығын тігумен айналысады. Шебер ана жасаған колөнер бұйымдары әр үйге береке, отауға сән береді.

Бодановтар отбасындағы берекелі шаңырақта жеті бала қанаттанып, түрлі салада еңбек етуде. Алтын діңгекті отбасынан атасы мен әжесінің тәлім-тәрбиесінен нәр алып, 28 немере мен 17 шөбере ер жетіп, әулеттің мерейін өсіріп келеді.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Ал ажырасу саны керісінше ар-тұда. Қаңтар-наурыз айларында 11,2 мың неке бұзылса, өткен жылы 10,2 мың отбасы ажырасқан. Бұл соңғы жеті жылдағы ең үлкен көрсеткіш. Жалпы ажырасу деңгейі әлем бойынша артып келеді. Өткен жылы Жапон елі көш басында болған. Қазақстандағы неке мен ажырасудың негізгі бөлігі қалалық жерлерге

тиесілі. 2026 жылдың бірінші тоқсанында қалаларда 14,5 мың, ал ауылда 7,1 мың неке тіркелген. Бір жыл ішінде қалаларда неке саны 1,4%-ға, ал ауылдарда бірден 8,8%-ға азайған.

Ал ажырасқандардың басым бөлігі – қалалықтар. Қаңтар-наурыз айларында қалаларда 8,4 мың, ауылдық жерлерде 2,8 мың неке бұзылған. Биыл Алматы мен Астана, Түркістан облыстарында көп неке қиылған. Ал Батыс Қазақстан мен Қызылорда облысында биыл некеге тұрғандар саны тым аз. Ажырасу бойынша Ұлытау, Қостанай және Қарағанды облыстары көш бастап тұр.

Шынында, бұрын ұя бұзу, ортақ некеге жауапсыз қарау қазақы болмысымызға жат үрдіс еді. Ата-ана тарапынан да мұндай келенсіздікке тыйым болатын. Үлкендер жағынан ар-намысты оятатын «бірінші бағың бақ...», «шыққан қыз шиден тисқары», «өз отыңа өзін жылын» деген жігерлі сөздер айтылатын. Тұтас қоғамды үлкендер жағы осылай тәрбиелеген еді. Сүйектен өтетін сөздің қадірі де кеткен емес. Ал қазір бәрі басқаша. Сөздің құны бөздің құнынан төмендеді. Есті сөзді ескермейтін жастардың қылығына қыңқырлаған болдық.

Бүгінде қазақтың қарақөз қыздары өздеріне өмірлік серік таңдағанда қателесіп, кейде шалыс басып, аяғы ажырасумен тынып жатыр. Біреудің өзі әдемі, біреудің көзі әдемі, бірақ отандасқан жұптық өмірде кездесетін қиындыққа көбісі төзбейді. Тауекелге барып, екеуінің жылы ұясын бұзбаудың амалын жасаса мүмкін бәрі басқаша болар ма еді кім білсін? «Мешкей деген жақсы ат па?» деген қазақта тамаша тәмсіл

бар. Күйеуінен ажырасып, екіншісіне қосылады. Онымен де тұз-дәмді келіспей жатса, тіпті қиын. Қоғамда осындай мәселелермен бетпе-бет келіп жатырмыз. Өте өкінішті. Әсіресе қазақы болмысымызға сын.

Отан кейде ер-азаматтар да жауапты деп ойлаймын. Себебі бір адамнан емес, қате екі жақтан да кетуі мүмкін. Таразының екі басы бар. Бір басына үнемі салмақ түссе, көтере алмай әйел, не ер-азамат өмірден баз кешіп, соңы осындай өкінішпен бітеді.

Иә, қалай десек те, адамда ұят деген бірінші орында тұру керек. Әсіресе әйел баласы шыдамды болуы әдет-ғұрыптың жазылмаған қағидасы. Шынында, табиғатынан нозік деп бейнеленсе де, әйел зағы төзімді, бейнетке біртабан жақын болады. Ер адамның ойы жетпейтін жерге әйелдің қарым-қабілеті ерекше болғандығы сондай ә дегеннен ер кісі ойланғын болам дегенше, ол сол жұмысты бітіріп тастайды. Қайраттылық пен мықтылық, намыс кейбір қарақөздерімізде азаматтардан артық болмаса кем болмайды. Неге екенін білмеймін үйдегі отанасы бастама көтермесе, отағасы белсенділік көрсете қоймайды. Айналып келгенде үлкен рөл үйдің егесі болса, әйел үйдің шегесі. Мықты болса шегесі, қалай кетер егесі» деп те кейде ер азаматтың намысын қамшылауымыз да керек болар.

Осындайда аңамның «еркек – пірің, бас киімін жоғары қой, мерейі үстем болады. Күйеуінің мерейі үстем болаы – ол әйелдің бақыты» деген ұлағаты ойға оралады.

Шынында, отбасы мектебінің қоғамның қалыптасуына, кейінгі буынды татулық пен ізгілікке тәрбиелеуде үлкен рөл атқарғанын осындай ізгілікті әңгімеден естіп, разы боласын. Қазақтың текті көріп құдандаласуының да терең мәні бар секілді. «Анасын жеріп, қызын ал. Ыдысын көріп, асын іш»

МӘСЕЛЕ

ШАҢҒЫРАҚ КӨТЕРГЕНДЕР АЗАЙЫП, АЖЫРАСҚАҢДАР КӨБЕЙДІ

Елімізде заңды некеге тұрғандар саны 20 жыл ішінде ең төменгі деңгейге дейін азайғаны жайлы мамандар дабыл қағып отыр. Қазақстанда неке саны азайып келеді. Статистикалық мәліметке сүйенсек, биылғы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша елімізде 21,6 мың неке тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,9%-ға аз.



Қазақстандағы неке мен ажырасудың негізгі бөлігі қалалық жерлерге тиесілі. 2026 жылдың бірінші тоқсанында қалаларда 14,5 мың, ал ауылда 7,1 мың неке тіркелген. Бір жыл ішінде қалаларда неке саны 1,4%-ға, ал ауылдарда бірден 8,8%-ға азайған. Ал ажырасқандардың басым бөлігі – қалалықтар. Қаңтар-наурыз айларында қалаларда 8,4 мың, ауылдық жерлерде 2,8 мың неке бұзылған. Биыл Алматы мен Астана, Түркістан облыстарында көп неке қиылған. Ал Батыс Қазақстан мен Қызылорда облысында биыл некеге тұрғандар саны тым аз.

деген ата-балалар тәмсілі осыны аңғарта керек. Өзінің өткен өміріне бармақ тістеп, келінінің әр әрекеті мен әдебіне, отбасынан алған тәліміне сүйсініп отырған құрбымның әңгімесі шынында әйел затына үлгі боларлық дүние екен. Осындайда жас күнімізден құлағымызға сіңген аңамыздың әдебі ойға оралады. Ол кісі әкеміздің есімін атамайтын. Ер адамның киімін баспауды, асты әкеміз отырмай бастамауды, алдынан кесіп өтпеуді тағы толып жатқан таусылмайтын тыйымды санамызға сіңіргені сонша, бүгінде сол қағида отанасы болғанда жарасымды жалғасын табады. Міне, осындай өмірден алынған ұлағатты әңгімеден соң ұлттық құндылықтың өміршен сипат алуы әр отбасының алтын діңгегі әйелге байланысты екенін ешкім жоққа шығара алмайды деп ойлаймын.

Әйтеуір, сынықтан сылтау іздеп, ортақ келісіммен құрылған отауды бұзудан жастар алдына жан салмай тұр. Бұл ұлтқа да, ұрпаққа да үлкен қасірет. Антына адал, сертіне сергек, некеге жауапты жұптар көбейсе дейміз. Себебі некенің киісінен, перзентінің көз жасынан қорықпайтындар саны еселеп артып келе жатқаны толғандырады. Бар кілттің заманда емес, адамда болғаны кинайды, өткен...
Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

«Tik Tok»-қа телінген тәрбие

Бала тәрбиесі жөнінде Абай: «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер, білімінде. Адамға адамнан үш алуан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады», – деп, осы үшеуінен баланың болашағы шешілетінін ескерткен. Ал біздің балаларды телефондағы TikTok тәрбиелеуде. Ұрпағымыз телефонға теліріп өсіп келеді. Бүгінде телефонға байланғандардың көбісі TikTok әлеуметтік желісін қарайды екен.

Еуропалық одақтың алдын ала жүргізген зерттеуі TikTok платформасының балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ЕО талаптарына сәйкес келмейтінін көрсеткен. Осыған байланысты әлеуметтік желіге жылдық табысының 6 пайызына дейін айыппұл салынуы мүмкін.


Еуропалық комиссияның мәлімдеуінше, TikTok-тағы балалардың аккаунттары ашық күйде болады. Соның салдарынан TikTok-та тіркелмеген пайдаланушылардың өзі көмелетке толмағандардың жариялаған контентін көре алады. Комиссия мұндай мүмкіндік балалардың бейтаныс адамдармен қажетсіз байланыс орнатуына жол ашатынын атап көрсетті. Бұдан бөлек, Еурокомиссия TikTok алгоритмінің 16 және 17 жастағы жасөспірімдердің жарияланымдарын басқа қолданушыларға

Басы 1-бетте



белсенді ұсынатынын, сондай-ақ жеке аккаунттардың оңай табылуына мүмкіндік беретінін сыңға алды.

Қазіргі уақытта барлық мемлекет интернеттегі жүгенсіздікпен күресіп келеді. Бір ел қатан жазаға басымдық береді, екіншісі платформалардың жауапкершілігін арттырады, үшіншісі балалардың қауіпсіздігі мен медиа-сауатқа көбірек көңіл



бөледі. Зерттеулерге сүйенсек, Австралия – 16 жасқа дейінгі балалардың TikTok, Instagram, Facebook, Snapchat және басқа да танымал әлеуметтік желілерде аккаунт ашуына және пайдалануына тыйым салған алғашқы ел. Заң 2025 жылдың желтоқсанында күшіне енген. Ұлыбританияның билігі де 16 жасқа толмаған балаларға әлеуметтік желілерді пайдалануға тыйым салу туралы шешім қабылдаған. Сонымен қатар 16-17 жастағы жасөспірімдер үшін түнгі



уақытта әлеуметтік желілерге қолжетімділікті шектеу жоспарланып жатыр екен. Сондай-ақ Франция 15 жасқа дейінгі балаларға әлеуметтік желілерді пайдалануға тыйым енгізу бағытында жұмыс жүргізіп, қазір тиісті заң жобасын қарастырып жатыр. Осындай зерттеулерден кейін біздің елде де TikTok-қа телінген тәрбиені тоқтататын кез келген секілді.

Хайптың соңы – жаза

Бүгінде Ішкі істер министрлігі «Заң мен Тәртіп» қағидатын басшылыққа ала отырып, интернет пен әлеуметтік желілерде құқыққа қайшы контенттің таралуын анықтау және жолын кесу жұмыстарын жалғастыруда. Қазіргі таңда республика бойынша заң талаптарын бұзған 20-дан астам стример жауапкершілікке тартылған. Бұл заң талаптарын шынайы өмірде де интернет кеңістігінде де бәріне бірдей міндетті екендігінің дәлелі. «Заң мен Тәртіп» – жай ғана ұран емес, әрбір азамат ұстануға тиіс қағидат. Ішкі істер министрлігі осы қағидаттың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуді жалғастыруда. Осы мақсатта Қызылорда облыстық Полиция департаменті әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізген. Нәтижесінде TikTok-тағы тікелей эфирде бейдеп сөз айтқан қызылордалық бойжеткен жазаланды. Әлеуметтік желі қолданушыларының бірі бірнеше мәрте бейдеп сөздер айтып, қоғамдық тәртіп пен әдеп нормаларын бұзғанын анықтады. Тексеру нәтижесінде құқық бұзушы Қызылорда қаласының 25 жастағы тұрғыны Айғаным Артықбек екені белгілі болған. Заң талаптарын бұзғаны үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілік көзделген. Сот шешімімен әкімшілік жауапкер-

шілікке тартылып, айыппұл салынады. Айта кетейік, полиция интернет кеңістігіндегі құқық бұзушылықтарды анықтау жұмысы тұрақты түрде жүргізілетінін еске салды.

Пікірді ойлаып жаз

Ауыздан шыққан сөз – адамның ішкі әлемінің айнасы. Яғни, желідегі жүгенсіздіктің артында адамдардың жеке жауапкершілігі, мәдениеті, тәртібі тұр. Қоғамдағы сөз мәдениеті адамның тәрбиесімен ғана емес, қоғамдық ортадағы мінез-құлық қалыптасуымен де байланысты. Әсіресе, жасөспірімдер TikTok-ты белсенді қолданатындықтан ересектердің бейдеп жазған пікірлері, айтқан сөздері оларға үлгі болуы мүмкін.

Жақында ғана актөбелік емші Бағдагүл Лепесова әкімшілік жауапқа тартылды. Ол продюсер Баян Алағөзова мен журналист Динара Сәтжанға тіл тигізіп 1 миллион 557 мың теңге айыппұл арқалады.

Қазақстандық заң консультанттарының палатасы заң консультанты Бауыржан Аманбаевтыңайтуынша,әлеуметтікжелідегі сөз еркіндігі жауапкершіліктен босатпайды.

– Қазіргі таңда әлеуметтік желі қолданушыларының арасында сөзге жауапкершілікпен қарамау, пікір білдіру барысында

бейдеп және балағат сөздерді қолдану жиі кездеседі. Алайда «TikTok» немесе басқа да онлайн-платформа заңнан тыс кеңістік емес. Егер бейдеп сөз нақты бір адамға бағытталып, оның абыройы мен қадір-қасиетін әлсізсіз түрде кемсіту сипатында болса, мұндай әрекет қорлау ретінде бағалануы мүмкін. Заңда қорлаудың онлайн-платформалар арқылы жасалған түріне де жауапкершілік көзделген. Ал сөз нақты бір адамды қорлауға бағытталмай, қоғамдық тәртіпті бұзатын сипатта болса, істің мән-жайына қарай әкімшілік жауапкершілік мәселесі туындауы мүмкін. Енді қоғамдық орындарда былайтып сөйлеу, жеке тұлғаларды қорлау және қоғамдық тәртіп пен тыныштықты бұзатын басқа да әрекеттер ұсақ бұзақылық ретінде қарастырылған. Сондықтан әлеуметтік желі қолданушылары «пікір жаздым», «экранның ар жағында отырмын» деп өз әрекетін жеңіл бағаламауы керек. Пікірдің нақты кімге бағытталғаны, оның мазмұны және қандай жағдайда жазылғаны құқықтық баға беру кезінде маңызды. Сөз еркіндігі – адамның өз ойын білдіру құқығы. Бірақ ол басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауға құқық бермейді. Сондықтан «TikTok-та» пікір қалдырғанда да заң талаптарын сақтап, сөз мәдениетіне мән берген жөн, – дейді заңгер Бауыржан Аманбаев.

Айтолқын
БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4А.
Таралымы 3326 Тапсырыс №1392

Нөмірдің кезекші редакторы Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА